**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 340, 341-қосымшаларға сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
340-қосымша

406 - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету"**
**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 87973 мың теңге (сексен жеті миллион тоғыз жүз жетпіс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-30-баптары; "Республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Мемлекеттік аппараттық қызметін жақсарту бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 917 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппаратына жүктелген функциялардың неғұрлым тиімді орындалуына қол жеткізу үшін оның қызметін қамтамасыз ету. Өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы оқыту бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, дағдысы мен машығын жаңғырту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуы мәселелерін реттейтін бюджет туралы заңнаманың және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын бақылау, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппаратын ұстау мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, есептеу техникасына жүйелі-техникалық қызмет көрсету, активтер сатып алуды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Республи. калық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 40 бірлік деп бекітілген штат саны лимитіне сәйкес, жүктелген функцияларын сапалы атқару мақсатында | Жыл бойы | Республи. калық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі |

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппаратын ұстау. Мемлекеттік қаржы бақылау мәселелері бойынша 2 рет семинар-мәжіліс өткізу және лекторлардың еңбектерін төлеу. Кеңсе, шаруашылық тауарлар мен шығын материалдарын сатып алу. Есеп комитетінің бланкалық өнімдерін дайындау. Есеп комитетінің Бюллетені мен әдістемелік құжаттарын шығару. Бекітілген тиесілі нормативке сай 8 бірлік автокөлікті ұстау, қызмет көрсету және 3 бірлік автокөлікті жалдау. Серверлерге - 4 бірлік, компьютерлерге - 43 бірлік, соның ішінде шағын портативтік (ноутбук) - 13

Есеп комитеті

бірлік, принтерлерге - 30 бірлік, үздіксіз қуат беру көзіне (UPS-қа) - 15 бірлік, факстер - 11 бірлік, көшіру-көбейту техникалары - 8 бірлік профилактикалық жұмыстар мен негізгі құрал жабдықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. Локалді жүйеге (ЛВС), серверлерге, көшіру-көбейту техникаларына әкімгерлік жасау және вирусқа қарсы бағдарламаларды орнатып, жаңалау. Интернетке қосылуды қамтамасыз ету. (ВТСС) автоматтық телефон байланысы жүйесін орнату және қосу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің бі. ліктілігін арттыру | Біліктілік арттырудың бекітілген жоспарына сай мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі | Сәуір, қыр. күйек 2004 жыл. | Республи. калық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. |

қызметтерді сатып алу, соның ішінде мемлекеттік тілді оқыту. Біліктілігін арттыру курстарынан өтіп жатқан мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны 37 адам.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Активтер сатып алу: цифрлы фотоаппарат Mpics - 1 дана, видеокамера - 1 дана. | Наурыз-Сәуір 2004 жыл. | Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық бюджет атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне жүктелген функциялардың сапалы және уақытылы орындалуы, қазіргі кезеңдегі экономикалық жағдайға сәйкес, кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 341-қосымша

406 - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Қаржы бақылау объектілері бойынша деректердің ақпараттық базасын құру және дамыту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның Паспорты**

1. Құны: 9677 мың теңге (тоғыз миллион алты жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңы ; Қазақстан Республикасының "Электрондық құжат пен электронды цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "Информатизациялау туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; " Мемлекеттік аппараттың қызметін жақсарту, бюрократизммен күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қаржылық бақылау объектілері бойынша ақпараттық деректер базасын жасау және дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің жұмысының тиімділігін арттыру, республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу әдістерін жетілдіру, Комитет қызметкерлерін, бақылау объектілерін қаржылық есебіне талдау жасаған кезде аудитордың жұмысын ішінара автоматтандыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы экономикалық процестерді болжау және үлгіге салу, республикалық және жергілікті бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыру бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеу жөніндегі міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін құрал-сайманмен жабдықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Қаржы бақылау объектілері | Компьютерлік аудитты қамтамасыз ету үшін | Жыл бойы | Республи. калық бюджеттің |

| | | |
|---|---|---|
| бойынша деректердің ақпараттық базасын құру және дамыту | қолданбалы бағдарламалық өнімді жасау. Жүйені пайдалану жөніндегі | атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ақпараттық деректер базасын тестілеу және дамыту, жетілдіру. Активтер сатып алу: 2 процессорлық Сервер - 1 дана, желілік көпфункционалдық принтер - 1 дана, Серверге арналған ХАБ 24 - 3 дана, материалдық емес активтер сатып алу: ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалық өнім - 1 жиынтық, Серверлік Касперский Антивирусі - 3 жиынтық, Adobe Acrobat - 1 жиынтық, MS Exchance 2000 - 1 жиынтық. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүргізетін бақылау іс-шаралары нәтижелеріне талдау жасаудың сапасын арттыру "Республикалық және

жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , республикалық бюджеттің қаржысы есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есебіне сапалы бақылау жүргізу бөлігінде толыққанды іске асыру (8-бап, 4-тармақ, 2, 3-тармақшалар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК